

Ж. Ж. МОЛДАБЕКОВ

МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ ДӘНЕКЕРЛІК ЖӘНЕ ДЕМЕУЛІК ДЕҢГЕЙІ

XXI ғасырда жаңа дәуір мен азаматтығы артып жатқан қоғамда мәдени мұраның үшбірдей ерекшелігін арнайы атаудың және талдаудың маңызы анағұрлым артуда. Кең мағынада, мәдени мұраның *өркениет сабақтастығының айғағы, естілік пен егемендіктің аумағы мен аймағы, рухани жаңарудың жаймағы мен қаймағы* екендігін ескереміз және бетке ұстаймыз.

Тарихта, яғни ұрпақтың, халықтың және адамзаттың ірі-ірі бетбұрысында мәдениеттің мәңгі қалдырған ұмытылмас ықпалдары бар және олар алуан-алуан. Десек те олардың арасынан: табиғатпен табысуды, туған жермен табыстыруды, олардың арақатынасын жарастыруды;

әр ұрпақтың өнегесіне, әр заманның өнеріне жол ашуды, дәстүрлерін көңілге басуды;

адамды ұрпақтармен, заманмен тілдестіруді, тіл табыстыруды, оларды бір-біріне жақындатуды;

адамның тірегі мен тұрағын айқындау және жинақтау барысында адамның өзіне дұрыс жол табуды;

адамның ойлану, сөйлеу, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру, өзара үйлестіру барысында оның өзімен және өзгелермен жарасты өмір сүруін басты және беделді құндылыққа ойланбай-ақ жатқызыамыз.

Бұл тегін де емес. Осы аталған кезеңдер мен деңгейлерден азаматтық және адамзаттық ерекшеліктер нәр алады, бір-бірімен тамырласып жатады. Мәдени мұрада үнсіз, тілсіз, ұмыт қалған мұралар қаншама? Мәдениетіміздің бұрын-соңды сыңаржақты қабылданып, теріс түсін-діріліп, бұрмаланып келген беттері мен қайнар көздері аз емес. Енді құнды көмбелер мен рухани жетістіктердің үлгілерін кәсіби, мемлекеттік және халықтық деңгейге көтеруге деген қызығушылық пен қажеттілік жан-жақты артуда. қолдағыны құралға, ойдағы барды бағдарға айналдыру – қазынамыздың ықпалын ұлғайтудың және арттырудың бірден-бір кепілдігі мен арнасы.

Осы тәжірибелерді тарихи-мәдени өрісте жинақтап сараламай, осы әлеуметтік жаңарудың идеялық және рухани қайнар көздерін айқын ұқпай, біз өзіміздің тағдырымыз бен тарихымыздағы бас мақсат-мұратты міндет ретінде межелей алмаймыз, тарихи көш-қоныстан шеттеп қалуымызда неғайбыл.

Мәдени мұраның мақсаты – өткеннің кемші-

ліктері мен біржақтылығынан сақтану, оның жетістіктері мен жақсылығынан тәлім-тәрбие алу, бірлесіп және табысты өмір сүрудің құралдары мен қорын көбейту, адамның нақты жағдайдағы мәртебесін көтермелеу және қолдау.

Өткеніміз туралы көзқарастар көбеюде, салалық түсініктер тасқындауда. Бірақ не айтып, қалай жазғанын білмеушілік немесе оны бағаламаушылық кездейсоқ жайдан гөрі, үйреншікті дәстүрге айналып бара жатқандай. Өткенді талдаудың тереңдігі мен шоктығын не анықтай, не сараптай алмайтын күйге, кезеңге жеткендейміз.

Бүгініміз туралы түсініктер де іріктелуде, ілгерілеуде. Талдауға ерік берсек те, бүгінгі болмыстың негізі мен нұсқауын, беделі мен берерін айқындайтын, жақындатқызатын ұстанымдар жетіспеуде. Содан бірінің айтқанын бірі есітпей немесе жарық көрген шығармашылық табыстарды сараптап жүйелеу жұмыстары жетіспеуде, осындай интеграциялық қызметке мұқтаждық артуда. Уақыт кезінде төрелік етер деп өзімізді, бір-бірімізді жұбатып жатамыз. Ал бүгінгінің алғаны мен аларын, берері мен бергенін ажыратпай жатқандардың қатары да, бейкамдылығы да көбеюде. Көңілі ашықтарды жиі-жиі мазалайтын жәйттер.

Ертеңімізге деген әуесқойлық артуда, ертеңіміз туралы қиялдау тосылып қалған жоқ. Оған шүкірлік. Бірақ тарихи, әлеуметтік-мәдени заңдылықты білмейтін сәуегейліктің қоғам мен ұлтқа әсері қандай болмақ, өгейліктің адамға берері болады ма? деген сауалдар көңілі ояуларды мазалайды, мазалайтыны хақ.

Аудармалық мәтінді талқылағанда оның мәдени мағынасын, идеялық бағытын, әлеуметтік-лингвистикалық дәстүрдің құрылымы мен стилін дұрыс ұқпайынша, бұл аудармалық жұмыстың мәнді, түсінікті, сәтті болуы екіталай. Қазақ тілі мәдениетінде интеграциялық процесс әрқалай жалғасын табуда.

Жаңа терминді кім, қандай жағдайда және не себептен енгізеді, енгізе алады? Кесіп айту жоқ, әзірге келісімнің шарты мен жолы да айқын емес. Жаңа терминді енгізудің үлгісі сарапталмаған және оның ережесі қалыптаспаған. Содан аударма жұмыстарында кездейсоқ жайлардан және алып-қашты пікірлерден арыла алмаудамыз.

Бейнелеп, астарлап, жарыса сөйлеген, ауыз

әдебиеттік дәстүрі айқын да мол қазақ тілінде көптеген сөздердің ұғымдық мағынасы саралана, ғылыми-теориялық деңгейде жүйелене қоймағаны хақ. Сонымен мазмұны айқындалынбаған сөздерді ғылыми айналымда қолданғанда теріс пайдалануда айқынсыздық та орын алады. Бірер мысал келтірелік.

Орыс тіліндегі философиялық мәтіндерде жиі кезігетін ұғымдардың санатына «ум», «разум» жатады. «Ум» термині «ақыл» деп, ал «умозаключение» – ой тұжырым, ой қорытындысы, «умственный труд» – ой еңбегі деп, «умонастроение» – ақыл, ой шабыты деп аударылып жүр. Сонымен «ум» деген сөзді екі баламамен «ақыл» және «ой» термині арқылы кейде ойланбай жеткіземіз. Сондай-ақ «разум» терминін «ақыл-ой», «ақыл-парасат», «зерде», ал «разум вселенский» – әлемдік ақыл деп аударылып, айтылып жүр. Сонымен үш синонимдік ұғымдардың «ақыл-ойдың», «парасаттың», «зерденің» мазмұндық арақатынасы жіктелінбей келеді де, мамандар арасында интуитивті түсінікті және субъективті көзқарасты таратуға негіз болып келеді. Тіліміздегі мұндай тұрлаусыз жәйттер басымыздан асып жатқаны айғақ.

Мұны біржағы тілдің байлығы және ерекше-лігі дерміз. Дұрыс. Бірақ теориялық та, нақты практикалық тұрғыдан ақыл - оймен шектелінбейтіні, сондай-ақ парасат пен зерденің мағынасын тиянақты ажырата алмайтын мамандардың аз еместігі онсыз да айғақ. Сонымен тілдік эволюцияның сапалық ерекшеліктерін ұғымдық, категориялық, логикалық деңгейде талдау тіптен кеңже қалған, тіптен бақылаусыз, қадағалаусыз қалған десек, шамасы, онымыз асыра сілтеушілік емес. Оның үстіне тілдік дәстүріміздің эволюциялық кезеңдері мен жолдарын тұтас талдайтын уақыт келгені, қажеттіліктің артқаны айқын.

Оны біз мәдени мұраға деген, ұлттық тілге деген қоғамдық сұраныстың артып бара жатқанынан, қос мәселе төңірегінде мамандар мен көпшіліктің пікір алмасуы мен ой жарыстыру қарқынынан аңғарамыз. Ой жарыстыруға түрткі болып жатқан басты мәселелер, біздіңше, мыналар:

- Ғылымның, өнердің, техниканың, діннің сөздік, дәлірек айтсақ ұғымдық қорын жасау, осы ізденіске белсенді араласу. Ол үшін білім, ғылым және өнердегі салалық терминдер сөздігін жасау жұмыстарын жандандыра түсу керек. Аударма саласында әртүрлі жетістіктер бар, түрлі тәжірибелер кәсіби деңгейде жинақталуда. Бірақ жоғарыда айтылғандай, жиі қолданылатын сөздердің түп-төркіні

мен қызметі бір қырынан, бір ағымда қараушылық, талдаушылық етек алуда. Мысалға, «совершенный человек» деген сөз тіркесі «кемел, жетік, бекзат адам» деп әрқалай аударылып жүр. Мұнда, бір жағы, тіл байлығымыз көрініп тұр, біржағы, оның жеке қызметімен шектелушілік те орын алуда;

- Сөз – халық мәдениетінің көрінісі, құралы және адамның ойлану мәдениетінің ұғымдық қызметі. Бірақ әзірше ойлану мәдениетінің ұғымдық деңгейі, дүниетанымдық сипаты назардан тыс қалып қоюда. Одан мемлекеттік тілдің гуманистік әлеуеті жүдеуде дерлік. Екі проблема да ғылыми-дүниетанымдық деңгейде өзіндік талдауын таппауда. Білімдер саласындағы ғалымдардың дүниетанымдық деңгейінің олқылығы тіл мәдениетінің жан-жақты және терең, дұрыс дамуына іштей кедергіні қоспаса, азайтып жатқан жоқ. Әрбір сөздің дүниетанымдық, ұғымдық деңгейін ашып беру үшін, халықтың тарихын, ұлттық және өлкелік мәдени жетілу жолдарын, ана тілінің семантикалық түп-тамырлары мен әлеуметтік-лингвистикалық мағынасын ашып беру, сонымен есептесу шарт. Бұл дегеніміз халқымыздың мәдени мұрасы мен мәдени болашағына деген сұранысты қатар қойып, сол сұраныстың дүниетанымдық деңгейі мен бағдарын ашып бере алсақ, онда тіл мәдениетін көп болып білікті тұрғыдан дамытудың мүмкіндігі артар еді;

- Білім жүйесіндегі тіл мәдениетін қалыптастыратын, ал тілдесуде халқымыздың интеллекті-мәдени деңгейін көрсететін нақты іс-әрекеттер қарқын-дамаса, онда ұғымдық қорды, сөздікті бүгінгі ғылыми-техникалық және рухани прогресс аумағында жетілдірмек жұмыстар аяқсыз қалмақ. Бұл мәселелерді мамандар мен ғалымдар біріге жиі талқылап, тіл мәдениетінің әлеуметтік-лингвистикалық, салалық және дүниетанымдық қарқынын дамытуды көп болып қолға алудың қажеттілігін сезінудеміз. Ізденіске кәсіби, ұжым-дық пен халықтық сипат, тіпті қазіргі жаңа технологиялық деңгей жетісе бермеуде. Содан сөздікті арнайы талқылау немесе тарату жұмыстары қауқарсыз қалуда, кездейсоқ жағдайға ұшырауда;

- тіл мәдениетіндегі осындай көптеген олқылықтар оның әдіснамалық негізі мен бағдарының әлсіздігінен екені де айғақ. Өмірдің әлеуметтік және мәдени өлшемдерін үйлестіретін және сол қозғалысты қолдайтын бастама қажет. *Қазақтану* осы ұстанымның әлеуметтік бағдарына және *мәдени ұстанымына* жатады. Қазақтанудың *мәдени арқауы*, а) адамның сезімдік еркіндігіне тұсаукесер, жан бос-

тандығына шоқтық, б) адамның рухани және өндіргіш қабілетін қарқындалуға қызмет етеді, в) белсенді адам мен топтың өзіндік ерекшелігін сақтайтын тетік, г) мұра мен межеге жаңа көзқарасты, амал-әрекетті алға тарту. Сондағы шарт – табиғи-экологиялық ортаға бейімделу, әлеуметтік жүйені бейімдеу, шығармашылық пен құндылықты игеру, азаттық тәжірибесімен жарасу, серіктестермен бірлесу, жақындармен өзара көмектесерлік қарым-қатынаста болу, мәдениетке деген сенімді жетілдіру, межеге бағытталған жеке бастың әрекетін әлдендіру, бас бағдарға күш-қуатты жұмылдыру.

Қазақтану дегеніміз ұлттық болмыстың көрінісін бейнелеу, түсіндіру, жасау, толықтыру; осы танымдық және практикалық жаңаруға қатысты бақылайтын жүйені және бақылаушы жүйені қамыту, қарастыру, өзара салыстыру және сабақтастыру. қазақтану елімізде ұлтты, гуманистік дәстүрді және тіл мәдениетін жаңғыртудың теориялық-әдістемелік бастауы және бағдары, қазақ халқының құнды бағдарламасын жинақтаудың құралы. Оның қағидалары ұстанымдыққа сенімділік, біржақты көзқарасқа және әрекетке, жалтақтыққа және жетімдікке ұрынбай, үнемі үлкен мұрат бағытында ізденушілікке демеулік етеді. қазақтану халқымыздың мәдени мұрасын қатар қарастырады, қалыптастырады, оған деген мемлекеттік және мәдени саясаттың ұлттық аумағын кеңейтуді қолдайды. қазақтанудың мәдени өлшемдері осылар.

Қазақтанудың *әлеуметтік* астары мен арқауы неден құралады, оны қалай бағалауға болады? қазақтану, а) өмір сүрер ортаға бейімделудің әлеуметтік жөнін анықтайды, б) қандастарының теңдігі мен еркіндігін, бостандығы мен азаттығын талдайтын, сол әлеуметтік сұранысқа қызмет ететін әдістемені қадақтайды, в) өз ұрпағының еркіндігін еселейтін, ұлт пен оның өкілдерінің ұқсастығын үдететін, сыртқы ортаға ықпалын еселейтін құралды жүйелейді. қазақтану – нақты деңгей мен стратегиялық бағдардың өзекті тақырыбы. Олай дейтініміз қазақтану, а) қазақстан республикасының болашағын болжайтын,

оның қоғамдық түрлену жүйесін түсіндіретін кешенді көзқарас, б) тәуелсіз елдің ішкі және сыртқы эволюциялық жаңаруын саралайтын ұлттық сана-сезімнің түйіні және жетілген дәрежесі, в) азаматтың ұлыстық, ұлттық үйлесімділігін қадағалауға мұрындық, г) ұлттық мәдениеттің астары мен арқауын өркениет өрісімен салыстыруға ұйытқы. *Халқымыздың өзіндік ерекшелігін, оның әлемдік рөлімен қатар көрсету* – біртұтас мәселе.

Қысқасы, қазақтану – әлеуметтік-гуманитарлық білімдердің жиынтығы, ұлттық мәдениеттің идеялық және әдістемелі негізі болатын бірден-бір білімдер жүйесі. Осы тұрғыдан қазақтанудың салалық білімнің дүниетанымдық деңгейін көтермелеуге, қазақтың өзін танытатын тіл мәдениетін тереңдететін ынталы ізденістерге дәнекерлік етер, сала мен өлкедегі мамандардың ұлттық мұраны игеруіне демеулік етер мүмкіндігі анағұрлым мол-ақ. Қазақтану отанымыздың түрлі мамандарын ұлттық мәдениет және мәдени мұра шеңберінде топтастыра түсетін әдістемелі құрал да, бағдар екенін ескерелік.

Резюме

В статье рассматриваются цель культурного наследия, значение языковой культуры и возможность развития словника казахского языка по отраслям науки и на мировоззренческом уровне.

Summary

In clause are considered the purpose of a cultural heritage, meaning of language culture and opportunity of development lexican of kazakh language on branches of a science and on an ideological level.